

Қазақстан Республикасындағы инфляция

Релиздың күні: 03.04.2023

Келесі релиздің күні: 02.05.2023

[1. Негізгі сәттер](#)

[2. Инфляция динамикасы](#)

[3. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым](#)

[4. Глоссарий](#)

[5. Әдіснамалық түсініктемелер](#)

[6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер](#)


[7. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі сәттер

2023 жылғы наурызда Қазақстан Республикасындағы инфляция бір жылда 18,1% құрады және 3,2% баяулады (2023 жылғы ақпанда – 21,3%).

Баға азық-түлік тауарларға бір жылда – 20,5% (2023 жылғы ақпанда – 26,2%), азық-түлік емес тауарларға – 18,1% (2023 жылғы ақпанда – 20,5%), ақылы қызметтерге 14,4% (2023 жылғы ақпанда – 15%) өсті.

1-сурет. 2021-2023 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы жылдық инфляция.



2. Инфляция динамикасы

Өткен жылғы наурызбен салыстырғанда бағаның өсуі пиязға – 55,1%, консервіленген сүтке – 47,1%, күрішке – 43,8%, қиярға – 40,9%, макарон өнімдеріне – 35,1%, тоқаш және ұннан дайындалатын өнімдерге, қаймаққа – 34,9%-дан, ұнға – 33,2%, минералды суға – 32,8%, сұлы жармасына – 32,1%, арпа жармасына – 31,1%, тұздалған майшабаққа 30,4% белгіленді. Бағаның төмендеуі қырыққабатқа 51,1% байқалды.

Баға деңгейі кеңсе тауарларына – 72,8%, жуғыш және тазалағыш құралдарға – 47,8%, жеке қолданылатын тауарларға – 37%, жиһаз және үйге қажетті заттарға – 25,9%, ыдысқа – 21,6%, құрылыс материалдарына – 21,5%, киім және аяқ киімге 17,9% өсті. Дизель отыны 15,9% қымбаттады.

Тұрғын үйді жалға алу 30,8% өсті. Баға қоғамдық тамақтандыру қызметтеріне – 20,4%, кешенді демалу ұйымдарына, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету орындары қызметтеріне – 19,2%-дан, денсаулық сақтау қызметтеріне – 17,1%, санаторийлер қызметтеріне – 16,5%, білім беру қызметтеріне – 15,6%, қонақ үйлер қызметтеріне – 14% жоғарылады. Жолаушылар темір жол көлігі қызметтері – 31,2%, әуе көлігі қызметтері 16,6% қымбаттады.

Тарифтер қоқыс шығаруға – 22,8%, тұрғын үйді күтіп ұстауға – 19,6%, орталықтан жылытуға – 9,9%, электр энергиясына – 8,6%, ыстық суға 7,7% өсті.

Өңірлер бөлінісінде 2023 жылғы наурызда жылдық мәнде орташа республикалық деңгейден асатын инфляцияның ең жоғары деңгейі Маңғыстау облысында (21,7%), Астана қаласында (19,9%), Солтүстік Қазақстан (18,9%), Ақмола облыстарында (18,8%), Шығыс Қазақстан, Павлодар (18,7%-дан), Батыс Қазақстан, Қарағанды (18,5%), Атырау, Қызылорда және Ұлытау (18,3%-дан) облыстарында қалыптасты.

1-кесте. Өңірлерде наурыз айындағы жылдық инфляция, %

	2023	2022	2021
Қазақстан Республикасы	18,1	12,0	7,0
Абай	17,8
Ақмола	18,8	12,6	7,5
Ақтөбе	17,7	12,9	7,1
Алматы	16,7	11,7	7,0
Атырау	18,3	10,7	7,3
Батыс Қазақстан	18,5	10,7	7,1
Жамбыл	17,2	11,8	7,1
Жетісу	18,1
Қарағанды	18,5	12,0	7,8
Қостанай	17,9	11,9	7,0
Қызылорда	18,3	11,1	7,0
Маңғыстау	21,7	11,9	7,7
Павлодар	18,7	11,4	6,6
Солтүстік Қазақстан	18,9	11,7	7,3
Түркістан	17,8	12,9	7,4
Ұлытау	18,3
Шығыс Қазақстан	18,7	12,0	7,4
Астана қаласы	19,9	12,0	6,4
Алматы қаласы	17,2	12,3	6,5
Шымкент қаласы	16,6	12,4	6,7

Динамикалық кестелер:

[1. 2000-2022 жылдардағы Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

[2. 2000-2022 жылдардағы өңірлер бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағалар мен тарифтер индексі](#)

3. Инфляцияның жылдық деңгейіне салым

Инфляцияның жылдық деңгейіне ең үлкен үлес қосқан азық-түлік және алкогольсіз сусындар (8,4 пайыздық тармақ), тұрғын үй қызметтері (2,1 пайыздық тармақ), әртүрлі тауарлар мен қызметтер (1,8 пайыздық тармақ), киім және аяқ киім (1,6 пайыздық тармақ), үйге қажетті заттар (1,4 пайыздық тармақтан).

2-сурет. 2022 жылғы наурыз бен 2023 жылғы наурыз аралығында Қазақстан Республикасындағы инфляциясына тауарлардың негізгі топтарының үлесі.

Өткен жылда баға нан өнімдері мен жармаларға – 30,4%, ет және ет өнімдеріне 14,7% жоғарылады және инфляцияға 2,1 және 1,7 пайыздық тармаққа негізгі үлес қосты. Жылдық инфляцияға сүт өнімдері 29,1% қымбаттауы 1,1 пайыздық тармаққа, жемістер мен көкөністер (10,6%) – 0,8 пайыздық тармаққа, алкогольсіз сусындар (25,8%) - 0,6 пайыздық тармаққа үлес қосты.

ТКШ қызметтері бір жылда 16,4% қымбаттады және олардың инфляцияға үлесі 2,1 пайыздық тармақты құрады. 2023 жылғы наурызда тұрғын үйді жалға алу өткен жылғы наурызбен салыстырғанда 30,8% жоғары болды және жылдық инфляцияға 0,8 пайыздық тармақ, тұрғын үй-жайларды жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер (18,8%) – 0,4 пайыздық тармақ үлес қосты.

2-кесте. 2023 жылғы наурыздағы Қазақстан Республикасында жылдық инфляцияға жекелеген құрамдас бөліктерінің үлесі

Тауарлар мен қызметтер	Өсу қарқыны	Баға өсіміне салым
Азық-түлік тауарлар	20,5	8,703
Нан өнімдері мен жармалар	30,4	2,125
Ет және ет өнімдері	14,7	1,735
Сүт өнімдері	29,1	1,068
Жұмыртқа	23,4	0,260
Май және тоң май	17,8	0,398
Жемістер мен көкөністер	10,6	0,775
Қант	14,0	0,124
Алкогольсіз сусындар	25,8	0,548
Азық-түлік емес тауарлар	18,1	5,316
Киім	16,8	1,058
Аяқ киім	20,1	0,586
Жұғыш заттар	47,8	0,713
Бензин	0,1	0,001
Жеке қолдану тауарлар	37,0	1,073
Ақылы қызметтер	14,4	3,998
Тұрғын үй қызметтері, су, электрэнергиясы, газ және отынның басқа да түрлері	16,4	2,071
тұрғын үйді күтіп ұстауға төлем	19,6	0,176
тұрғын үйді жалға алу	30,8	0,752
тұрғын үй жайларды жөндеу және қызмет көрсету	18,8	0,443
суық су	3,8	0,020
ыстық су	7,7	0,029
қоқыс шығару	22,8	0,064
суды бұру	7,1	0,016
электрэнергия	8,6	0,196
Газ	2,5	0,032
тарату желілері арқылы тасымалданатын газ	2,4	0,024
сұйытылған орталықтан жылыту	3,2	0,008
қатты отын	9,9	0,121
домофон	12,6	0,210
	6,8	0,012

Бір айда баға деңгейі азық-түлік тауарларға 1,1%, азық-түлік емес тауарларға, ақылы қызметтерге – 0,8%-дан өсті.

3-кесте. Бір айдағы инфляция, %

	Наурыз			
	тауарлар мен қызметтер	азық-түлік тауарлар	азық-түлік емес тауарлар	ақылы қызметтер
2018	0,5	0,8	0,5	0,2
2019	0,5	1,0	0,3	0,2
2020	0,9	1,7	0,4	0,5
2021	0,6	0,8	0,7	0,2
2022	3,7	5,8	2,8	1,4
2023	0,9	1,1	0,8	0,8

Динамикалық кесте:

[2000-2023 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағалары мен тарифтерінің индексі ай сайын](#)

4. Глоссарий

Инфляция – бұл халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтердің белгіленген тізіміне бағаның орташа деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.

Салым – көрсеткіш бойынша пайыздық өзгерістің инфляцияның жалпы мәніне әсер ету шамасы.

5. Әдіснамалық түсініктемелер

Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі халық жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен қызметтерге бағаның жалпы деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін көрсетеді.

Тұтыну бағаларының индексі есептеу екі көзден алынған ақпарат негізінде жүргізіледі:

- осы мақсаттар үшін арнайы іріктелген сауда нүктелерінде және қызмет көрсету орындарында оларды тікелей тіркеу арқылы жиналған бағалардың өзгеруі туралы деректер;
- халықтың нақты тұтыну шығыстарының құрылымы бөлігінде үй шаруашылықтарын зерттеу материалдары.

Бағалардың өзгеруі туралы ақпарат жинау қалалар мен аудан орталықтарының іріктемелі тобы бойынша, барлық облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада жүзеге асырылады. Сауда және қызмет көрсету саласының базалық кәсіпорындарын таңдау жергілікті жерлерде жүзеге асырылады. Зерттеуге әртүрлі сауда жағдайлары бар және жаппай сұранысқа ие тауарларды (қызметтерді) үнемі өткізетін кәсіпорындар ұсынылуы үшін сауданың және ақылы қызметтердің барлық түрлерінің объектілері іріктеледі.

Тұтыну бағаларын байқау және ТБИ есептеу үшін тауарлар мен қызметтер жиынтығы Қазақстанның барлық өңірлері үшін олардың бірыңғай іріктемесін білдіреді. Тауарлар мен қызметтердің тізімі 508 позициядан тұрады, оған халықтың тұтынуында ең көп үлес салмағын алатын ең өкілді түрлер кіреді.

Бағалар туралы ақпарат жинауды баға тіркеушілері тауарды (көрсетілетін қызметті) өткізу орындарында тікелей жүргізеді. Тексеру жүргізілген күні төленген тауарлардың бағасы, салықтарды қоса алғанда, бірақ оларды жеткізгені үшін қосымша алымдарды қоспағанда тіркеледі.

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Тұтыну бағаларының индексі және туынды көрсеткіштер](#)

[Қазақстан Республикасындағы жекелеген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бөлшек сауда бағалары](#)

[Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға индексі және орташа бағалар](#)

7. Пайдалы сілтемелер

[Тұтыну бағаларының индексінің құру әдістемесі \(ТБИ\)](#)

[ТБИ есептеу үшін өлшеу сызбасы](#)

["Тұтыну тауарлары мен ақылы қызметтердің бағаларын тіркеу дәптері" Ц-101 нысаны](#)

[Тұтыну бағаларының индексі, сапа бойынша есеп, 2021ж.](#)

[Тұтыну бағаларының индексі, "Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

www.new.stat.gov.kz/ Экономика/ Баға статистикасы

Шығаруға жауапты: Баға статистикасы департаменті	Департамент директоры: Қ. Жақыпбекулы Тел. +7 7172 749057	Орындаушы: Д. Көбегенова Тел. +7 7172 749776 E-mail: d.kobegenova@aspire.gov.kz	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
---	--	---	--